



**ЖАСТАР
ҚЫЛМЫСЫ
ЖАҒА ҰСТАТЫП ТҮР**

4



**ҚОРДАЙДАҒЫ
ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ
ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ**

5



JAMBYL TARAZ

№30 (2046) 17 сәуір 2026 жыл, жұма

Қоғамдық-саяси газеті

1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

▶ **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ**

ҚЫР БАСЫНДА ҚҰЛПЫРАДЫ ҚЫЗҒАЛДАҚ



Койнауы құтқа толы қарт Қаратаудың төл перзенті қызғалдақ – дәл қазір таудың бауайында көздің жауын алып, қыр мен сайға сән беріп тұр. Ботаник-ғалымдардың айтуынша, жалпы жер бетінде осыдан бірнеше ғасыр бұрын пайда болған жабайы қызғалдақтың қазір 100-ден астам түрі қалған екен. Оның үштен бірі біздің елімізде өседі.

Қызғалдақтың бір кереметі адамға ұқсайды. Адам секілді 60 жыл өмір сүреді. Даладағы таза, табиғи жауқазын тек 13 жылдан соң барып қана бүршік жарып, гүлдейді екен. Қазақтың «он үште отау иесі» дегеніне келіңкірейді. Он үшінші жылынан бастап түп-тура 50 жылға

дейін гүлдеп, құлпырып тұрады. Сосын қарт кісі сияқты семіп, сола бастайды. Қазақ бұрыннан «гүлді жұлма, обал болады» деп баласын табиғатты бағалауға баулыған. Ендеше табиғатты адамға ұқсайтын қызғалдақты адам сияқты қастерлеуіміз керек. Бұл – бізге міндет.

Осы орайда 25 сәуір күні Талас ауданында «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі өтеді. Шара Жамбыл облысының Грейг қызғалдағының отаны ретінде әлемдік қауымдастыққа танытуға және өңірдегі биоалуантүрлілікті сақтау стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған.

Фестивальдің мақсаты – өңірдің туристік әлеуетін таныту, табиғи қызғалдақ ландшафттарын сақтау және оны өңір бренді ретінде дамыту. Шараға отандық және шетелдік сарапшылар, ғалымдар, халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысады.

Фестиваль барысында табиғи таза қымыз-

дың дәмін татып, оның дайындалу әдістерімен танысу мақсатында «Қымызмұрындық» рәсімі, қолөнер көрмесі мен сауда жәрмеңкесі, түрлі ұлттық ойындар, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылады.

Шара аясында халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ерекше бастама – Нидерланд Корольдігінен Жамбыл облысына 40 000 дана қызғалдақ тұқымы сыйға тарту жоспарланып отыр. Бұл қызғалдақтар өңір аумағында отырғызылып, болашақта аймақтың табиғи келбетін көркейтуге және туристік тартымдылығын арттыруға үлес қосады.

Фестиваль өңірлік экономиканың дамуына, оның ішінде ішкі және халықаралық туризмді дамытуға, халықаралық мәдени, ғылыми байланыстарды нығайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

▶ **ҰСЫНЫС ПЕН ҰМТЫЛЫС**



ТАРАЗДА ИМАНЖҮСІПТІҢ ЕСКЕРТКІШІ БОЙ КӨТЕРСЕ...

8

*Көне шаһардың
бас басылымына –
30 жыл*



▶ **ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ**

Қала тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта Тараз қаласында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Мұндай шаралар жергілікті шаруаларды қолдап, халыққа делдалсыз, табиғи өнімдерді тиімді бағамен алуға мүмкіндік береді.

ЖӘРМЕҢКЕДЕН ЖҰРТ КЕРЕГІН ТАБАДЫ

Осы орайда кезекті жәрмеңке 18 сәуір, сенбі күні Б.Сүлейменов пен Желтоқсан көшелерінің қиылысындағы «Жастар аллеясында» өтеді. Таңғы сағат 08:00-де басталатын сауда-сағаттық кешкі 16:00-ге дейін жалғасады. Шаһар тұрғындары мен қонақтары үшін бұл – демалыс күнін тиімді өткізіп, қажетті азық-түлікті тиімді бағамен сатып алудың тамаша мүмкіндігі.

Шара барысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің мол қоры ұсынылады. Атап айтқанда, жаңа піскен көкөністер мен жеміс-жидектер, сапалы ет және ет өнімдері, сондай-ақ табиғи сүт өнімдері сатылымға шығарылады. Барлық тауар тікелей өндірушілерден жеткізілетіндіктен, олардың сапасы мен бағасы да көңілден шығары сөзсіз.

Жәрмеңкенің басты артықшылығы – делдалсыз сауда. Бұл өнім бағасының төмен болуына және халықтың қалтасына салмақ түсірмей, қажетті азық-түлікті молынан алуға жол ашады. Сонымен қатар мұндай бастамалар өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының дамуына серпін беріп, жергілікті кәсіпкерлердің жұмысын жандандырады.

Қала тұрғындары мен қонақтарын аталған жәрмеңкеге келіп, табиғи әрі сапалы өнімдерді тиімді бағамен сатып алуға шақырамыз!

«ЖТ»-ақпарат

ЖАЗЫЛЫМ – 2026

KAZPOST

Қала 6 АЙ 4 453.50 тг
Ауыл 6 804.06 тг

**РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

6 АЙ – 3000 тг

«Қыран Пресс» 6 АЙ 3 900
«Тараз Пресс» 4 000

Жазылым индексі: 65605

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:
45-62-65 8 747 545 4566

▶ СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Гүлназ Есенғалиқызы, Таразда бейбіт жиналыстар өткізу үшін қанша мамандандырылған орын белгіленген?

– Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес, Республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудандардың орталық бөліктерінде, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталықтарында пикет, жиналыстар немесе митингілерді ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындардың саны кемінде үшті құрауға тиіс. Дегенмен, пикеттер, митингілер, жиналыстар үшін арнайы орындардың жалпы саны кемінде 2, шерулер мен демонстрациялар үшін де кемінде 2 болуы керек. Өйткені заң балама орынды ұсыну мүмкіндігін белгілейді.

Заңның 8-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толтырылу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды айқындады. Атап айтқанда:

Жиналыстар мен митингілерді ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындар:

- 1) Балуан Шолақ көшесі, №50 «Б» мекенжайында орналасқан «Мамыр» саябағына іргелес алаң;
- 2) С.Рахимов көшесі, №55 мекенжайында орналасқан Б.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінің алдындағы алаң;
- 3) Қайрат Рысқұлбеков саябағының балалар алаңы.

Шерулер өткізуге арналған мамандандырылған маршрут:

- 1) С.Рахимов көшесі, №55 мекенжайында орналасқан Б.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінің алдындағы алаңнан С.Рахимов, Рысбек батыр, Е.Ниятқалиев, Ұлбике ақын, С.Рахимов көшелерімен Б.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйіне дейінгі қашықтық.

Демонстрациялар өткізуге арналған мамандандырылған бағыттар:

- 1) С.Рахимов көшесі, №55 мекенжайында орналасқан Б.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінің алдындағы алаңнан, С.Рахимов, Рысбек батыр, Е.Ниятқалиев, Ұлбике ақын, С.Рахимов көшелерімен Б.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйіне дейінгі қашықтық.
- 2) Тәуке хан көшесінде орналасқан «Қазақ хандығы» монументінен Тәуке хан, Төле би, Әл-Фараби, С.Рахимов көшелері арқылы Б. Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйіне дейінгі қашықтық.

Пикеттеуді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының резиденцияларына іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қа-

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген ел азаматтарының бейбіт жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикет өткізу құқығын іске асыруға бағытталған қоғамдық қатынастар 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңмен реттеледі. Яғни, аталған бағыттағы шараларды ұйымдастырудың өз тәртібі бар. Ал заң талабы баршаға ортақ екені белгілі. Осы орайда Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлназ Смитилдаевадан аталған мәселелерге қатысты ережелер жайында жан-жақты білген едік.



уіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

б) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда өткізуге тыйым салынады.

Пикеттеу барысында:

- оны тек бір азамат тұрақты түрде, яғни қозғалысыз жүргізуіне;
- плакаттарды, транспаранттар мен өзге де көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;
- (бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда) бір жерде, бір уақытта бір объектіде бір күнде екі сағаттан асырмай жүргізілуіне жол беріледі.

Пикеттеу барысында:

- (бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда) бір жерде, бір уақытта бір объектіде екі және одан көп пикеттерді өткізуге;
- дыбыс күшейткіш құралдарды пайдалануға;
- пикеттеуге тыйым салынған іргелес нысан аумағынан 800 метр

қашықтықта пикеттеу жүргізуге жол берілмейді.

Заңның 8-баптағы 10) тармақшасының талаптарына сәйкес, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындардың тізбесін Тараз қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырды.

– Бейбіт жиналыстар өткізу кезінде тараптардың жауапкершілігі қандай болады?

– Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 және 6-баптарында нақты көрсетілген. Сонымен қатар осы Заңның 8-бабының 3-тармағы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін айқындайды. Яғни, әр тарап өз функцияларын орындауы керек. Бұл – жауапкершілік. Хабарламалар мен өтініштер беру кезінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыларға қойылатын талаптарды Заңның 10, 12 баптары реттейді. Пикеттеу, жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналы-

стар өткізу туралы хабарламаны ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға өткізілетін күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, ал демонстрация, шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізуге келісуді алу туралы өтінішті ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға өткізілетін күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде беруге тиіс. Оларды қарау тәртібі Заңның 11, 13 баптарымен реттеледі.

Іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ санкцияланбаған акциялардың жолын кесу және оларды ұйымдастырушылар мен белсенді қатысушыларды әкімшілік жауаптылыққа тарту жөніндегі функциялар ішкі істер органдарына жүктелген. Хабарламалар мен өтініштерді қаралуын жеделдету мақсатында біздің тарапымыздан мемлекеттік органдардың жұмыс Регламенті әзірленіп, бекітілді, өйткені бас тартудың объективтілігі мен негізділігі мақсатында, сондай-ақ бейбіт жиналысты өткізуге рұқсат беру үшін Занда ұйымдастырушылар (жеке және заңды тұлғалар) туралы

бірқатар ақпарат жинау көзделген. Бейбіт жиналысты ұйымдастырушы мен қатысушылар үшін жадынама дайындалды, онымен бейбіт жиналысты өткізуге рұқсат алған жағдайда ұйымдастырушы жазбаша түрде танысуға тиіс.

– Қоғамдағы наразылық көңіл күйдің алдын алуға немесе азайтуға болады деп ойлайсыз ба?

– Біз демократиялық қоғамда өмір сүріп жатырмыз, әрбір азамат Қазақстан Республикасының заңдарын қатаң сақтай отырып, әртүрлі мәселе бойынша өзінің жеке пікірін еркін білдіруге құқылы. Мемлекеттік қызметкер ретінде азаматтар арасындағы наразылық сезімдерін, біріншіден, қала әкімі жарты жылда бір рет, ал екі ауданның әкімдері ай сайын тұрғындармен өткізетін кездесулер мен олардың апта сайынғы жеке мәселелері бойынша азаматтардың қабылдауында көтерген мәселелерден, әртүрлі деңгейдегі инстанцияларға азаматтардың өтініштері, жыл сайынғы әлеуметтік сауалнамалар арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен басқа да интернет-ресурстардағы мәлідемелер мен пікірлер арқылы алуға болады деп санаймын. Әрине, жоғарыда аталған дереккөздердің халық көтерген проблемалық мәселелеріне тиісті қызметтердің заңнамалық негізде уақтылы ден қоюы халық арасындағы наразылық көңіл күйдің төмендеуіне әбден әсер етуі мүмкін. «Заң және тәртіп» қағидасының мәні осында.

– Осы заңды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы қандай жазаларды көздейді?

– Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Қылмыстық кодекстерімен реттеледі. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 488-бабының 7-тармағында: «Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарды, митингілерді, демонстрацияларды, шерулерді, пикеттерді не өзге де жария іс-шараны ұйымдастыру және (немесе) өткізу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» деп көрсетілген.

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 400-бабында: «Заңсыз жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация немесе өзге де заңсыз жария іс-шара ұйымдастыру, өткізу не оларға қатысу, сол сияқты үй-жай, байланыс құралдарын, жабдықтар, көлік беру арқылы осындай іс-шараларды ұйымдастыруға немесе өткізуге жәрдем көрсету, егер бұл іс-әрекеттер азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» деп көрсетілген.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ж.ЖОЛБОЛДЫ



БІЛІМ МЕН МЕЙІРІМНІҢ МЕКЕНІ

Жамбыл жоғары медициналық колледжіне – 90 жыл

Жамбыл жоғары медициналық колледжі – тамырын тереңге тартқан, тағылымы мол білім ордасы. Тоқсан жылдық тарихы бар бұл оқу орны 1936 жылы іргесі қаланған сәттен бастап денсаулық сақтау саласына қажетті білікті орта буын мамандарын даярлайтын маңызды орталыққа айналды. Бүгінде ол кәсіби деңгейі жоғары, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлайтын іргелі әрі беделді білім мекемесі ретінде кеңінен танылып отыр.

Арайлым

ШАБДЕНОВА




Осы жылдар ішінде колледж қабырғасынан 30 мыңға жуық түлек түлеп ұшып, еліміздің түкпір-түкпірінде халық денсаулығын сақтау жолында абыройлы еңбек етуде. Бұл – оқу орнының сапалы білім мен жүйелі даярлықты ұштастырған берік мектебінің айқын айғағы.

Білім ордасы «90 жылдыққа – 90 шара» бастамасымен өткен жылдан бастап торқалы тойды тойлауды бастаған болатын. Ал күні кеше мерейтойға арналған «Жасанды интеллект және медициналық білім беру саласындағы заманауи әдіс-тәсілдер» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Шараға Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай, Әзербайжан мемлекеттерінен мәртебелі меймандар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, әлеуметтік серіктестердің өкілдері, ҚР жоғары медициналық колледждерінің директорлары мен халықаралық достастық мүшелері қатысты. Жиында сөз алған медицина ғылымдарының докторы, профессор Сейтхан Жошыбаев білім ордасын мерейлі мерекемен құттықтады.

– Тоқсан жыл – жай ғана уақыт өлшемі емес, білім мен тәжірибенің, адал еңбек пен үлкен жауапкершіліктің, адам өміріне деген жанашырлықтың жарқын жолы. Осы жылдар ішінде колледж кәсіби мамандарды даярлайтын беделді білім ордасына айналып, мыңдаған шәкіртке өмірлік бағыт-бағдар берді. Мұнда қалыптасқан дәстүр, сапалы білім мен үздіксіз даму – сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің нәтижесі. Колледж ұжымы – өз ісіне берілген, жоғары білікті, жүрегі мейірімге толы мамандар. Сіздердің еңбектеріңіз қоғам үшін баға жетпес құндылық болып қала береді. Осы мерейлі сәтте баршаңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, кәсіби бәріңдер мен жаңа жетістіктер, ал колледжде – өркендеу мен жарқын болашақ тілейміз! 90 жылдық мерейтой құтты болсын! Білім ордасының абыройы асқақтап, игі істері жалғасын таба берсін! – деді профессор.

Сондай-ақ Түркия Республикасы «Şifa» денсаулық сақтау мектебінің негізін қалаушы Хамди Өзжан, Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің бас кеңесшісі Амалия Исмаилова, Өзбекстан Республикасындағы Әбу Әли ибн Сино атындағы Пахтачи қоғамдық денсаулық сақтау техникумының директоры Әркин Нурбаев, Өзбекстан Республикасындағы Әбу Әли ибн Сино атындағы 2-ші республикалық қоғамдық денсаулық сақтау медициналық техникумы директорының оқу-өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары Дурдона Шарафитдинходжаева, Бішкек қаласындағы А.Молдогазиев атындағы медициналық колледж директорының орынбасары Анар Байдалиева сөз алып, халықаралық ынтымақтастық білім мен ғылымның дамуына серпін беретін маңызды фактор екеніне тоқталды. Шетелдік қонақтар ортақ тәжірибе жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби өсудің негізі екенін де жеткізді.

Салтанатты шарада білім ордасына еңбегі сіңген бірқатар оқытушы Тараз қаласы әкімінің,



«AMANAT» партиясының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Жамиля Сарыбекова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ляззат Қуанышбекова, «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Әсел Айдаралиева, Офис-регистратор басшысы Ұлжан Дүйсембаева «Санат» білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми орталығының «Кәсіби білім дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісіне ие болса, «QazMed медицина және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төсбелгісі апаратық технологиялар орталығының меңгерушісі Айжан Исмаиловаға, «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Жанна Калымбетоваға, «Дене шынықтыру» пәнінің оқытушысы Марианна Досжановаға тағылды.

Марапаттан кейін шара қонақтары мерейтой аясында ұйымдастырылған көрмені тамашалап, мерейтойлық кітаптың тұсаукесеріне қатысты. Көрме барысында колледждің әр кезеңін айшықтайтын құнды деректер мен тарихи жәдігерлер көпшілікке ұсынылып, білім ордасының қалыптасуына белестері көрініс тапты. Ал мерейтой құрметіне арнайы жарық көрген кітапта оқу орнының шежіресі, жетістіктері кеңінен қамтылған. Бұл еңбек колледждің өткені мен бүгінгі арасындағы алтын көпір іспеттес құнды туынды ретінде жоғары бағаланды.

«MED AI LAB» жасанды интеллект аймағының ашылуы шараның ерекше бөлігінің

бірі болды. Бұл бастама білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды енгізудің нақты көрінісі ретінде танылып, болашақ медицина мамандарын даярлаудағы жаңа кезеңнің бастауын білдірді. Осылайша мерейтой аясындағы шаралар колледждің өткенін ұлықтап қана қоймай, оның болашаққа нық қадам басқанын айқын аңғартты.

Мерейтой аясында шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сағаттары да өтті. Содан соң қонақтар оқу ордасының алаңында тал екті.

Салтанаттық шара «Баласағұн» орталық концерт залында жалғасын тапты. Жиын барысында ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары тобының атынан Гүлдара Нұрым бейнеқұттықтау жасап, колледждің медициналық кадрлар даярлаудағы айрықша үлесі мен елдің денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы маңызды рөлін атап өтті. ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова да құттықтау хатын жолдап, онда оқу орнында мамандар даярлау сапасының жоғары деңгейі, колледждің тұрақты дамуы және халықаралық талаптарға сай заманауи білім беру технологияларын енгізу бағытындағы жұмыстары ерекше көрсетілді.

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің атынан жолданған құттықтау хатты облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Лаура Отарбай оқыды. Онда колледждің өңірге білікті медициналық кадрлар даярлаудағы рөлі мен денсаулық сақтау

жүйесін дамытуға қосқан үлесі кеңінен баяндалды.

Ал білім ордасын ширек ғасыр басқарған Самиха Қоңырова өткен күнді сағынышпен еске алды.

– Қарашанырағымыздың тоқсан жылдық шежіресі елге қызмет еткен ерлердің, ақ халатты абзал жандардың, шәкірт жүрегіне жарық дарытқан ұстаздардың еңбегімен жазылған. Тарихы тереңге бойлаған, талай ұрпаққа білім мен тәрбиенің қайнарын берген аяулы оқу орданың 90 жылдық мерейтойы – баршамыз үшін үлкен қуаныш.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан әр буынның еңбегі өлшеусіз. Мен бұл қасиетті оқу ордасын ширек ғасыр басқару бақыты бұйырғанына шексіз тәубе етемін. Басқару жылдары ұжымның бірлігі мен ұстаздардың жанқиярлық еңбегі колледждің биіктен көрінуіне берік негіз қалады. Осы жылдар жолында маған демеу болған, бағыт берген, қолдаған барша жандарға алғысымды білдіремін. Жергілікті басшылыққа, денсаулық сақтау басқармасының абзал азаматтарына ерекше ризашылығымды жеткіземін. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін салада әр бастамаға қолдау көрсетіп, әр жаңалыққа жол ашқандары – тек мен үшін ғана емес, мыңдаған түлектің тағдыры үшін баға жетпес қолдау болды.

Бүгінде колледжді абыроймен басқарып отырған шәкіртім – директор Жамиля Сарыбекова, колледж әкімшілігіне және бүкіл педагогикалық ұжымға төзім мен парасат тілеймін. Ұжым татулығы мен шәкірт тағдыры – әрдайым парасат биігімен өлшенеді. Кеше басталған игі істердің жалғасын үзбей, бүгінгі жетістіктерге өз өрнектеріңізді қосыңыздар, – деді денсаулық сақтау ісінің үздігі Самиха Қоңырқызы.

Шара барысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен 2011-2021 жылдар аралығында әдістемелік кабинеттің меңгерушісі болып қызмет атқарған Жамиля Иманбекова марапатталса, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Құралай Андақұлова, «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі Фариджа Жапарқұлова, «Жамбыл облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін әдістемелік кабинет меңгерушісі Ляззат Мейрманова, «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Зираш Ескербекова, мониторинг бөлімінің меңгерушісі Нұржамал Мұраталиева иеленді.

Мерейтойлық кешке шетелдік серіктестер мен еліміздің әр өңірінен келген медициналық колледждердің өкілдері де қатысты. Бұл оқу орнының жоғары беделі мен халықаралық ынтымақтастығының нығайып келе жатқанын көрсетті. Сонымен қатар ардагерлер мен түлектердің жүрекжарды лебіздері кештің мазмұнын арттыра түсті.

– Жамбыл жоғары медициналық колледжі – мен үшін тек білім алған орда емес, өмірлік жолымды айқындаған қасиетті шаңырақ. Дәл осы жерде мен кәсіби біліммен қатар адам өміріне деген жауапкершілік пен мейірімділіктің шынайы мәнін ұқтым. Ұстаздарымыздың талапшылығы мен жанашырлығы бізді шыңдап, болашаққа нық қадам жасауымызға негіз болды. Бүгінде медицина саласында еңбек етіп жүріп, сол алған білім мен тәрбиенің өмірлік маңызы зор екенін терең сезінемін. Колледж қабырғасында қалыптасқан құндылықтар мен кәсіби дағдылар менің жетістіктерімнің берік іргетасына айналды. Тоқсан жылдық тарихы бар қарашанырақтың бүгінгі жетістіктеріне қарап, ерекше мақтаныш сезіміне бөленемін. Бұл – бірнеше буын ұстаздар мен түлектердің ерен еңбегінің жемісі. Қастерлі білім ордасына өркендеу мен биік белестер тілеймін! Жас ұрпаққа сапалы білім беріп, білікті мамандар даярлау жолындағы игі ісі жалғаса берсін! – деді Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 1987 жылғы түлегі, «Нейровит» медициналық орталығының директоры Айгүл Айтбаева.

Салтанатты кеш өнерпаздардың қатысуымен өткен гала-концертпен түйінделіп, мерейтойлық іс-шараның жарқын әрі есте қаларлық қорытындысына айналды.

► ҚҰЛЫП ПЕН КІЛТ

Бір кездері Ұлы Жібек жолының бойында гүлденген көне шаһар – Тараз өткен ғасырдың соңғы жылдары тек тағылымды тарихымен ғана емес, қылмыстық ахуалымен де танымал болғаны баршаға мәлім. Расында, сол уақыттарда Әулиеатаның аты үнемі ең көп қылмыс жасалатын қала ретінде аталып, көпшілікті үрей құшағында ұстаған еді. Сол дәуірдегі шытырман киноларға бергісіз оқиғалар халық жадында әлі де жаңғырып тұр.



ЖАСТАР ҚЫЛМЫСЫ ЖАҒА ҰСТАТЫП ТҰР

Тәртіп сақшылары неге шарасыз?

Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ

Бүгінде осы үрдіс облыс орталығына қайта оралғандай әсер қалдырады. Әсіресе, соңғы кездері қылмыстық жайттардың жиілеуі «Тараз қайтадан криминалды қалаға айналып бара ма?» деген заңды сауалды туындатуда. Бұлай деуімізге күні кеше шаһардың криминогендік жай-күйі қаралған ведомстволық жиында құзырлы органдар тарапынан келтірілген дәйекті деректер себеп болып отыр. Қалалық прокуратураның мәліметінше, шаһарда жекелеген қылмыстардың саны азаймай тұрған көрінеді.

– Жыл басынан бері адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстары жүйелі түрде тіркеліп ке-

лді. Бұл бойынша жергілікті полиция басқармасына нақты тапсырмалар берілгенімен, оң өзгерістер жоқтың қасы. Мәселен, өткен 3 айдың өзінде 2 адам өлтіру, 8 денсаулыққа ауыр зиян келтіру заңбұзушылығы тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 33 пайызға жоғары болып отыр. Бұлардың барлығы ішімдікке әуес және бұрын сотты болған тұлғалар тарапынан жасалған. Мысалы, өз үйінде масаң күйде азаматтық некедегі жұбайын пышақтап өлтірген Ф. есімді азамат бұрын бірнеше рет сотталған әрі 2019 жылдан бері наркодиспансерлік есепте тұрса да, ол туралы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық есепке алу жүйесіне ешқандай мәлімет енгізілмеген. Сол секілді серіктесіне дене жаракатын келтірген, бұрын жаза арқаалаған О. есімді тұрғынның Қазақстан аумағында жүріп-тұру мерзімі 2009 жылы өтіп кетсе де, осы күнге дейін жеке басы тексерілмеген.

Дәл осыған ұқсас мысалдар жетіп артылады. Бұл – учаскелік полиция инспекторларының өз ісіне немқұрайлы қарап, бұрын жауапкершілікке тартылған тұлғалармен профилактикалық жұмыстар жүргізуінің көрінісі. Осының салдарынан қалада бұрын істі болған азаматтардың қайтадан қылмыс жасау фактісі 4,3 пайызға жоғарылап отыр. Олардың басым бөлігі ұрлық, алаяқтық, есірткі, денсаулыққа зиян келтіру және ұрып-соғумен байланысты, – дейді қала прокурорының орынбасары Нұрлан Нарбаев.

Прокуратураның бізге ұсынған тағы бір дерегіне сүйенсек, құқық қорғау органдары тарапынан түні бойы жұмыс істейтін көңіл көтеру орындарына рейд шараларының тұрақты түрде жүргізілуіне қарамастан бұзақылық қылмыстардың алдын алу көрсеткіші көңіл көншітпей

салыстырғанда 88,9 пайызға өскен. Әріге бармай-ақ, күні кеше Таразда болған сұмдық жағдай жұртшылықтың жағасын ұстатты. Алдын ала мәлімет бойынша, қаладағы гимназиялардың бірінде сабақ арасындағы үзіліс кезінде 15 жасар жасөспірімді тоғызыншы сынып оқушылары ұлдарға арналған киім ауыстыратын бөлмеге алып барған. Бақылау камерасына түскен бейнежазбадан әңгіме бірден төбелеске ұласқанын көруге болады. Куәгердің айтуынша, ол сыныптасына көмектеспек болғанымен, оны күдіктінің жақтастары жібермей ұстап тұрған екен. Сол сәтте жәбірленушінің басына бірнеше рет соққы жұмсалған. Салдарынан оқушы көзінен ауыр жарақат алып, ота жасатты. Қазіргі жағдайы өте ауыр көрінеді. Дәрігерлердің айтуынша, баланың көзі толығымен зақымданып, ағып кеткен. Сондай-ақ басынан ауыр жарақат алғанына байланысты жасөспірім болған жайтты толық есіне түсіре алмай жатыр екен. Тек анасына шабуыл жасағандардың қолында темір зат болғанын байқағаны ғана айтқан.

Аталған дерек бойынша «денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» бабы аясында сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалған.

– Тергеп-тексеру қорытындысы бойынша оқиғаға қатысушылардың барлығына құқықтық баға беріледі. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың ата-аналары балаларын тәрбиелеу міндеттерін тиісінше орындамағаны және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілікке тартылады. Қазіргі уақытта оқиғаның барлық мән-жайы мен себептерін жан-жақты және объективті анықтауға бағытталған қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде, – дейді Жамбыл облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Бұл Таразда балалар арасында болып тұрған алғашқы жағдай емес. Бұған дейін биылғы наурыз айында 7 оқушы қыз қатарластарын соққыға жықса, өткен жылдың соңында мектептердің бірінде болған төбелестің соңы адам өлімімен аяқталған болатын. Қалалық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева келтірген мәліметке сүйенсек, балалар арасындағы бұл мәселелердің барлығы қала әкімдігі жанындағы комиссия отырысында қаралып, тиісті шешімдері шығарылыпты.

– Бүгінде комиссияның кезекті 5 және көшпелі 1 отырысы өтті. Барлығы 33 іс бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты мәселелер жан-жақты қаралды. Сонымен бірге балаларды тәрбиелеу бойынша ата-ана міндеттерін адал орындамайтын әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардың тізімін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Осы шаралардың шеңберінде 3 баланы арнайы мектепке жіберу туралы шешім қабыл-

данды. Сондай-ақ қорғаншылықта тәрбиеленіп жүрген 4 бала кері қайтарылып, балалар үйіне орналастырылды. Бұған қоса, 4 ата-ана құқықтарынан айырылса, 3 ата-ананың құқықтары шектелді.

Жүргізілген сауалнамалар арқылы анықталған психологиялық диагностикалардың қорытындысына сәйкес, 275 оқушы «қызғыл аймаққа» енгізіліп, тұрақты бақылауға алынды, – деген Айгерім Аханқызы жан-жақты қолға алынған шараларға қарамастан, әлі де шешімін таппай отырған маңызды мәселелердің бар екенін де жасырмады.

– Таразда кәмелетке толмағандар арасындағы өзекті мәселелердің бірі уақытша бейімдеу орталықтарының жетіспеушілігі болып отыр. Мәселен, осы жылдың басынан бері небәрі 5 бала ғана уақытша бейімдеу орталығына орналастырылды. Бұл көрсеткіш мәселенің толық шешімін таппай отырғанын аңғартады. Себебі қазіргі орталықтағы орын тапшылығы салдарынан түнгі уақытта ұсталған, зорлық-зомбылыққа ұшыраған немесе қараусыз қалған балалар кей жағдайда қайтадан үйлеріне жіберіледі немесе аурухана секілді уақытша мекемелерге жатқызылады. Алайда бұл олардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз.

Осыған байланысты Тараз қаласы аумағында кәмелетке толмағандарды уақытша бейімдеу орталығын ашу қажет деп санаймын. Мұндай нысандар түнгі уақытта қараусыз жүрген, қаңғыбастыққа салынған, отбасындағы киікшілдік салдарынан қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерді уақытша оқшаулап, оларға қажетті психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе – жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының жауапкершілігін күшейту. Қазіргі таңда көп жағдайда мектеп педагогтары полиция бөлімшелеріне шақыртылып, түрлі түсіндіру жұмыстарымен айналысады. Кінәлі тарап ретінде тәртіптік жауапкершілікке тартылып жатқандары да жетерлік. Ал бұл жағдай ата-аналар мен оқушылар арасында жауапкершілік сезімінің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан аталған мәселені жүйелі түрде шешу тиісті органдардың бірлескен жұмысын талап етеді, – дейді бөлім басшысы.

Әрине, байыбына бармай жатып, біржақты баға беруден аулақпыз. Дегенмен, соңғы деректер мен болған оқиғалар шаһардағы қылмыстық ахуалға бейжай қарауға болмайтынын анық аңғартады. Әсіресе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың күрт өсуі – қоғам үшін аса қауіпті құбылыс. Бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ мәселесіне айналып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидасы іс жүзінде орынқанда ғана Тараз қауіпсіз қала ретінде айқындалатыны анық.



түр екен. Бұзақылық жиі болатын нысандардың ішінде «Грэмми», «Барон», «Сафият», «Лорд», «Гүлсарай», «Таверна», «Шефстар», «Ханговер», «Секрет» кафе-барлары көш бастап тұр. Мәселен, бір ғана «Лорд» кафесінде небәрі 2 айға жетер-жетпес уақыттың ішінде қос бірдей қылмыс тіркелген. Соған қарамастан, бұл кафе әлі күнге күзет қызметімен қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар «Грэмми» және «Лорд» дәмханаларында 1 жылда екі мәрте жасөспірімдердің түнгі уақытта жүруі анықталса да, учаскелік инспекторлар тек айыппұл салумен ғана шектеліпті. Осыған байланысты прокуратура аталған орындарға қосымша хаттама толтырып, қызметтерін тоқтату мәселесі қаралуда.

Кәмелетке толмағандар арасындағы заңбұзушылық көрсеткіші де көңіл көншітпейді. Айталық, биылдың 3 айында қала аумағында жасөспірімдер қатысқан 8 қылмыс болып, былтырмен

► АҚ ПЕН ҚАРА

Қордай ауданындағы жағдай жұрттың жағасын ұстатып отыр. Қаракемер ауылында қамбадан екі оқушының мәйіті табылып, қараша халықты қара жамылдырды. 9-сынып оқушыларының қазасына қатысты құзырлы органдар тексерісті бастағанымен, жасөспірімдер өлімінің жұмбағы көп. Буыны әлі қатпаған бозбалалар өз-өзіне қол салды ма, әлде қайғының басқа да қыры бар ма?

Алдын ала мәліметке сүйенсек, Қордай ауданы, Қаракемер ауылында 9-сыныпта оқитын екі жасөспірімнің мәйіті бір қамбадан табылған. Алайда олар бір отбасының балалары емес. Қайғылы жағдай таңғы сағат 05:00 шамасында болған. Кейбір дереккөздер оқушылар өз-өзіне қол жұмсағанын айтады. Бірақ бұл нақты факт емес.

ҚОРДАЙДАҒЫ

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ



Оқушылардың өз-өзіне қол салуына не себеп?

Жамбыл облыстық Полиция департаменті аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалғанын мәлімдеді. Құзырлы органның ресми өкілі Гүлсара Мұхтарқұлованың айтуынша, қазіргі уақытта оқиғаның барлық мән-жайын жан-жақты, толық әрі объективті анықтауға бағытталған тергеу амалдары жүргізіліп жатыр екен. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес, тергеу мүддесіне байланысты өзге ақпарат жария етілмей отыр.

Қазіргі таңда полиция қызметкерлері көршілерден, оқушылардан және мұғалімдерден жауап алуда. Санаға салмақ салатыны сол, егер жасөспірімдер өз-өзіне қол жұмсаған болса, неге олар ешқандай қоштасу хатын қалдырмаған?

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің тапсырмасымен оқиға орнына жедел түрде облыс әкімінің орынбасары Айжан Есмағамбетова мен білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршубеков жеткен. Әкімдіктегілердің мәліметінше, жағдай бақылауға алынған. Қажетті шаралар қабылданып, оқушылар мен ата-аналарға психологиялық көмек те көрсетілуде.

Әрине, мұндай жағдайда көп нәрсенің құпия сақталатыны белгілі. Алайда бұл ауылда болып отырған бірінші жағдай ма? Егер жастар өз-өзіне қол салған болса, оған не себеп болған?

Қаракемерліктердің айтуынша, бұл аядай ауылда соңғы төрт айда тіркелген бесінші қайғылы оқиға көрінеді. Барлығында жасөспірімдер өз-өзіне қол салған. Марқұмдар 7-11 сынып аралығында білім алып жүрген жеткіншектер болған. Тағы екі жасөспірімді ата-анасы өз-өзіне қол жұмсамақ болғанда ажал тырнағынан аман алып қалыпты. Міне, осындай

төбе шашынды тік тұрғызатын жағдайларды жіпке тізген қаракемерліктер «Бұл тылсым ба, әлде балаларына жасалып жатқан басқа да қысым бар ма?» деген сұрақпен саналары сан саққа кетіп, шырыл қағуда.

Шынында таңғаларлық жағдай. Төрт айда бес мектеп оқушысы өз-өзіне қол жұмсаған болса, бұған құқықтық баға беруге бола ма? Әлде мұның бізге беймәлім тылсым тұсы бар ма? Бұлай деуімізге быттыр Байзақ ауданында болған жағдай себеп болып отыр. Ол кезде де жасөспірімдердің өз-өзіне қол салу себебін ешкім түсіндіріп бере алмаған еді.

Оқиғаны тарқатып айтсақ, 2025 жылдың 25 қазаны күні Байзақ ауданы, Түймекент ауылында 15 жасар жасөспірім көше басындағы мұнарадан асылған күйі табылды. Марқұмның мәйітін інісі көше бойында кетіп бара жатып көрген. Ал келесі күні дәл осы көшенің 16 жастағы оқушысы өзінің қорасында өлі күйі анықталған.

Өз-өзіне қол салған жастардың көршілерінің айтуынша, екі жігіт те көпбалалы отбасынан шыққан. Екеуі дос болып, Ғазиз Байтасов атындағы тірек мектебінде бір сыныпта білім алған. Алайда алғаш ажал құшқан жасөспірімнің бірі Тараз қаласындағы «Парасат» колледжіне оқуға түсіп, оқуын облыс орталығында жалғастырыпты.

Бірақ достар бір-бірімен байланысып үзбей, күнделікті көрісіп жүрген. Бірінші бала мұнарадан өлі күйі табылғанда екінші досы оның жаназасына да қатысқан. Ал келесі күні қорасына барып асылып қалған.

Досы көз жұмған күннің ертесіне екінші баланың да өз-өзіне қол салуға не түрткі болғанын сол кезде ешкім түсіндіре алмады. Алайда бір шошырлығы, суицидке бармас бұрын балалар достарына дауыстық хабарлама жіберген екен. Онда жасөспірімдер өздерін әлдекімнің күштеп алып бара жатқанын, көмек беруін сұраған көрінеді. Дауыстық хабарламаны естігендердің сөзіне сенсек, екі баланың да дауысы өз дауысына ұқсамапты. Бейне бір бойын жып билегендей үндері қарлығш, есі ауысқандай күйде болыпты. Тергеу амалдарының құпиялығына байланысты сол кезде барлық аудио-жазбалар тәркіленіп алынған. Алайда алғашқы күні аудионы тыңдағандар әлі күнге бойларын әлдебір қорқыныш пен үрейдің билеп жүргенін айтады.

Байзақтағы жасөспірімдерді жер қойнына тапсырғаннан кейін арада төрт ай өтпей жатып Түймекент ауылы тағы да қара жамылды. Ауыл тұрғындарының көңілі орнына түспестен дәл осы елді мекеннің тағы бір жасы өмірмен қоштасты. Өз-өзіне қол жұмсаған марқұм ауыл шетіндегі талға асылған күйінде табылған. Бозбала 6 тамыз күні түнгі сағат 22:00 шамасында үйінен серуендеуге шығып кеткен. Соңғы рет ол өзінің бөлесіне хабарласып, «қорқып тұрмын, үйдің артына келші» деген екен. Алайда араға көп уақыт өтпей оның денесі ауыл сыртындағы ағаштың басынан табылған.

Марқұм Тараз қаласындағы «Парасат» колледжінің бірінші курс студенті болған. Спорт мамандығын менгеріп жүрген ол қатарластары арасында ашық-жарқын мінезімен танылыпты. Туыстарының айтуынша, оның өз-өзіне қол жұмсауына ешқандай себеп болмаған көрінеді.

Ел есенгіреп жатқанда тамыз айында Байзақ ауданы, Дикан ауылынан тағы бір жасөспірімнің өлімі тіркелді. 16 жастағы баланың денесін сарайдан анасы асылған күйі тауып алған. Марқұм Дикан тірек мектебінің

11-сыныбына енді көшкен екен. Тәртібі бойынша ешқандай есепте тұрмаған. Сыныптастарымен тату болған.

Осылайша Байзақ ауданында екі жыл қатарынан жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы тіркеліп отыр. Қаза болған жастардың дені – Түймекент ауылының тұрғындары. Сондай-ақ Ғазиз Байтасов атындағы тірек мектебінде оқығандары да ойландырмай қоймайды. Тағы бір таңғаларлығы, қаза болған балалардың екеуі бірдей «Парасат» колледжінде білім алған.

Бәлкім, бұл жай сәйкестік шығар. Алайда қазір Түймекент ауылы тұрғындарының үрейі ұшып отыр. «Балаларымызды сыртқа шығаруға қорқамыз» дейтіндер де бар. Оған себеп, әлеуметтік желілерде тараған ақпарат түрлі қауесеттің тарауына түрткі болып тұр. Біреулер «бұл ауылды жып билеген, оқыту керек» десе, енді екіншілер «қаза тапқан жасөспірімдердің көздеріне тақия киген қария көрінген» деп үрейдің үстіне үрей қосуда. Желі қолданушылардың арасында басқа аудандарда да жастардың өз-өзіне қол салуға ұмтылу деректері болып жатқанын айтып, көмек сұрағандары да бар.

Әрине, Байзақ ауданынан басқа елді мекендерде жастардың жаппай суицидке бару деректері күні кешеге дейін ресми тіркелген жоқ еді. Алайда Қордай ауданындағы жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы терең ойға қалдырып отыр.

Байзақ пен Қордай аудандарын бізге беймәлім бір күш билеп отыр деуден аулақпыз. Алайда жастар қазасы неге жұмбақ күйі қалып келеді? Бұл сауалға құзырлы органдар нақты жауап болмағаннан кейін дін мамандарының пікіріне құлақ түрген едік.

– Ауылдарды белгісіз бір күш билеуі мүмкін. Ауыл сыртынан дуальнуы да ықтимал. Аталған елді мекендерде Алла тыйым салған істер де болып жатқан шығар. Сондықтан ауылды жып билеп, қарғысқа ұшырауы – дінде бар дүние.

Әрине, мұндай жағдайда ауылға көмек көрсету керек. Мен имамдармен кеңесіп, қолымнан келгенше демеуге дайынмын. Бұл – өте қиын жағдай. Жан-жақты қарауымыз қажет, – дейді «Ғибадулла Тарази» мешітінің бас имамы Асқар Экіржанұлы.

Байқап тұрсақ, ауылдарды беймәлім бір күштің билеуі мүмкін екен. Оны

дін мамандары да жоққа шығармай отыр. Ал психология ғылымы бұған не дейді? Балалар психологі Айгүл Асқарқызының айтуынша, бүгінде жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауының бірнеше себебі бар екен. Соның ең негізгісі – қазір қоғамда етек жайған буллинг.

– Буллинг көбіне баланың әлеуметтік теңсіздігіне байланысты туындап жатады. Мәселен, басқалар сияқты киіне алмай, өзгелер сияқты жаңа «iPhone» ұстай алмаса, кемсітушіліктер басталып кетеді. Ол мектепке аяқкиімі тозып баруы мүмкін. Сол үшін қатарластары басында кекетіп-мұқатып, кейін топтық мазаққа айналып жатады. Ал бала ата-анасынан өзінің қажеттілігін сұрай алмайды. Себебі жағдайды біліп, түсініп тұр. Сосын амалсыз мектепте қорланып жүре береді. Кейін шыдамының шегі таусылғанда өлімнен басқа таңдауы қалмауы мүмкін. Өзін қоршаған үйдегі жағдайды да, мектептегі жағдайды да нашар болса, онда бала өмірден мән таппайды. Қазір балалардың 80 пайызы – буллингтің құрбаны, – дейді психолог.

Міне, осылайша психолог бұл мәселеге әр қырынан келу қажеттігін айтады. Ал Байзақ ауданы, Түймекент ауылындағы жағдайдан кейін облыс әкімі Ербол Қарашөкеев басқарма басыларының статистикасы сандырақ, ал жауаптылардың жұмысы жүйесіз екенін қатаң сынға алды. Сондай-ақ аймақ басшысы жасөспірімдердің мәселесіне Ақсақалдар, Аналар және Әжелер кеңестерін жұмылдыруды тапсырды.

Әрине, жасөспірімдер суицидін алдын алуға жан-жақты жұмылу керек. Шын мәнінде Байзақ пен Қордай аудандарындағы ауылдарға дін мамандарын да тартқан жөн шығар. Олай деуімізге қаракемерліктер әлеуметтік желілерде ауыл тұрғындарының соңғы кездері мал сойып сатумен айналысып, оның қалдықтарын көрінген жерге төгіп жатқаны жайлы жазуы себеп болып отыр. Жазба авторлары мұндай жерге жып-шайтанның үйір болатынын тілге тиек етіп, қайғылы жағдайлардың бір себебін содан көріп жүр. Сондықтан елді мекен тұрғындары ауылға молдаларды шақырып, аластатып жіберген дұрыс секілді. Одан пайда болмаса да, зиян келмесі анық.

Байқап тұрсақ, ауылдарды беймәлім бір күштің билеуі мүмкін екен. Оны

Саян ПЛЕУЖАН

► ОҚУ ОРДАСЫНДА



БІЛІКТІ МАМАНДАР БІЗДЕ ДАЯРЛАНАДЫ

Қазіргі дәуір – қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын өзгерістер кезеңі. Адамзат қоғамының одан әрі өсіп-өркендеуінде ғылымның атқаратын орны ерекше. Ғылым да, білім де ұлттың баға жетпес қазынасы десек, қазақ ғылымы тәуелсіздік жылдарында өзгелермен терезесі тең болу үшін дамудың айқын жолын таңдап келеді. Сондықтан қазір Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымға баса назар аударып отыр. Әсіресе, университеттердің ғылыми әлеуетін күшейтуге мән беру қажет екенін тілге тиек етіп жүр.

Расында, ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындауға тиіспіз. Бұл ретте үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде университеттердің орны айрықша. Өйткені жоғары білім – ғылым мен мәдениеттің тоғысқан жері.

Сапалы маман саланы дамытатынын ескерсек, маманды даярлайтын жоғары оқу орындары бәсекеге қабілетті болуы керек. Бұл ретте еліміздің оңтүстігіндегі еңселі оқу орны – М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде ғылымның дамуы мен өмірін осы салаға арнағысы келетін жас мамандардың тұлғалық дамуына барлық жағдай жасалған. Ал «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінде

білікті кадрлар даярлау ісі жүйелі жолға қойылған.

Жаратылыстану ғылымдары саласында қоғам дамуына үлес қоса алатын, қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауды мақсат еткен факультет бұл мақсатқа жету үшін халықаралық стандарттарға сай келетін жаратылыстану ғылымдары саласындағы мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету, жаратылыстану ғылымдары саласында ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, әлемнің жетекші ғылыми орталықтарымен және ұйымдарымен ынтымақтасу, халық арасында жаратылыстану білімін насихаттау секілді міндеттерді орындап келеді. Мұнда биология, химия, физика, информатика, география, тарих мұғалімдері мен аталған саланың мамандары даярланады.

«Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің түлектері экономиканың әртүрлі салаларында, соның ішінде ғылым мен білім саласында сұранысқа ие. Ғылыми факультеттің нақты мақсаттары мен міндеттері – ғылым мен білімнің дамуына ықпал ету, сонымен қатар қоғам дамуына үлес қоса алатын жоғары білікті мамандарды даярлау.

Факультет құрамындағы маңызды жұмыстардың бір бөлігін «Химия» кафедрасы атқарып келеді. Кафедрада бакалавриатта «Химия және биология мұғалімдерін даярлау», «Химия (IP)» және магистратура-

да «Химия педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар оқытылады. Мұнда мамандандырылған арнайы лабораториялар мен құрал-жабдықтармен қамтылған және оқудың инновациялық технологиясы енгізілген.

«Химия» кафедрасы – Дулати университетінің оқу-тәрбие ісімен айналысатын, үздіксіз дамып келе жатқан құрылымдық бөлімшесі. Ол химия және биология саласында жоғары білікті педагогтар даярлауда маңызды рөл атқарады. Кафедра қызметі білім алушыларға терең теориялық біліммен қатар заманауи жағдайда табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін практикалық дағдыларды да қалыптастыруға бағытталған. Кафедра құрылған күннен бастап химияны оқыту әдістемесіне инновациялық тәсілдерді енгізіп, қызметкерлердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу процесіне пайдалану арқылы белсенді дамып келеді.

Әр жылдары кафедраны білікті академиялық жетекшілер – химия ғылымдарының докторы, профессор Р.Амреев, химия ғылымдарының докторы Г.Сугурбекова, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Сабиралиева басқарған. Ал 2020 жылдан бастап химия ғылымдарының кандидаты Асылжан Мажидбаевтың басшылығымен табысты қызмет етіп келеді.

Кафедра оқытушылары – өз саласының терең білімді мамандары, ғалымдар және тәжірибелі практиктер. Олар ғылыми-зерттеу және өнеркәсіптік салаларда мол тәжірибеге ие. Кафедра дисперстік жүйелердің физика-химиясы, гетерогенді катализ, күкіртқұрамды координациялық қосылыстардың термолізі, сондай-ақ мектеп

оқышыларын химия олимпиадаларына дайындау әдістемесі бағыттарында ғылыми зерттеулерді белсенді жүргізеді.

Ерекше атап өтерлігі, 2023 жылы «Химия» кафедрасының базасында «Менделеев сыныбы» ашылған болатын. Аталған жоба Дулати университеті, Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті және «Қазфосфат» ЖШС арасында білім және ғылым саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы ұшжақты келісім аясында жүзеге асты.

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, тарихтың да, ұлттың да, мәдениеттің де, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Ал қазіргі уақытта педагогтардың мәртебесіне барынша көңіл бөлініп отырғанын ескерер болсақ, Дулати университетінде білім алған ұстаздардың кез келген білім ошағында бағалы кадр болатынына шүбә жоқ.

Осы уақытқа дейін оқыту ісінде үздіктер қатарынан көрініп келе жатқан факультеттің жұмыс елімізде де, шет мемлекеттерде де жоғары бағаланып келеді. Осының арқасында факультет Чехияның Томаш Бат университеті, Түркияның Гази және Караюк университеттері, Польшаның Лодз университеті, Литваның Витаутас Магнус университеті, Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті, Томск мемлекеттік педагогикалық университеті, Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті, Қырғызстанның Б.Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей славян университеті,

Индонезиядағы Сұлтан Сиариф Касим атындағы мемлекеттік ислам университеті секілді іргелі оқу орындарымен берік байланыс орнатқан.

«Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің ғылыми-зерттеу жұмысының саясаты жаратылыстану-математикалық ғылымдары саласында іргелі, ізденіс және қолданбалы жұмыстарды жүзеге асыруға бағытталған. Қазіргі уақытта факультетте профессорлар, ғылым кандидаттары, PhD докторлары және магистрлер жұмыс істейді. Факультетте ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми жобалар қаржыландырылған. Факультет ғалымдары тарапынан бірнеше монография басылып шыққан. Ғылыми мақалалары халықаралық басылымдарда, нәтижелі импакт-фактор журналдарында жарық көрген.

Факультетте заманауи робототехника мен кибернетика зертханасы қызмет етеді. Робототехника зертханасы мектептердің оқу үрдісіне робототехникамен байланысты элективтік курстарды ендіру бойынша консалтингтік қызмет көрсетеді.

Факультетте бірнеше ғылыми үйірме жұмыстары жүргізіледі. Олардың қызметінің негізгі мақсаты – студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін қарқынды, олардың ғылыми зерттеулерге қатысу жолымен, әр студент үшін өзінің қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке тұлғаның шығармашылық дамуына өз құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Жалпы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде білім алудың беретін мүмкіншіліктері мол. Олардың қатарында көптілі білім беру бағдарламасын, қос дипломды білім беру бағдарламасын, әскери кафедра, білімді оқытушы-профессорлық құрамын, су шаруашылығын зерттеуде республикадағы жетекші университет екенін, инклюзивті оқыту жүйесін, оқу ақысын төлеудің икемді жүйесін, халықаралық StartUP жобаларын әзірлеуін, тәжірибеге бағытталған оқу үрдісін және ағылшын, қытай, неміс тілдерін тегін оқуға мүмкіндік барын айтып өтуге болады.

Айнур МЕНЛИБЕКОВА,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз университетінің
«Жаратылыстану
ғылымдары» факультеті
«Химия» кафедрасының
аға оқытушысы

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
Білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия №KZ35LAM00001509



САЛА ТЫНЫСЫ

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ

Таразда жер қатынастарын реттеу, жер ресурстарын тиімді пайдалану, мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскелерін қайтару, сондай-ақ азаматтардың өтініштерін сапалы қарау бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Қала аумағының дамуына тікелей әсер ететін бұл салада жүйелілік пен ашықтықты қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі.



Тараз қаласында Абай даңғылы арқылы өтпелі көпірдің және жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы жүріп жатқаны белгілі. Осыған орай Тараз қаласы әкімдігі тұрғын жай-қоғамдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырмасымен көпірді жобалаушы «ДӨН-Қо» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет мұқтажына қайтаруға қажетті жер учаскелерінің көлемін нақтылап, 43 жеке тұрғын үй мен 17 кәсіпкерлік нысанды иеліктен шығаруға жататыны анықталған. Қаланың Бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес, Абай даңғылы бойындағы жер учаскелерін мен өзге де жылжымайтын мүліктерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы Тараз қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 9 қарашадағы №4358, 2023 жылғы 22 қарашадағы №4452, 2024 жылғы 10 қаңтардағы №37, 2024 жылғы 29 ақпандағы №546 және 2024 жылғы 5 желтоқсандағы №3223 қаулылары қабылданған. Қазіргі таңда 58 нысанға қатысты мемлекетке қайтару жұмыстары жүргізілуде. Ал 2 жер учаскесінің иелері мүліктеріне мұрагерлікті қабылдағаннан кейін тиісті жұмыстар жалғасады.

Бағалау жұмыстарын жүргізу үшін конкурстық іріктеуден тәуелсіз бағалаушы «Evaluating company» ЖШС тағайындалды. 2024 жылдың желтоқсан айында 58 нысанға бағалау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде жер учаскелерін қайтару құны 1,85 миллиард теңгені құрады. Меншік иелеріне ұсыныстар жолданды. Оның ішінде 41 меншік иесіне келісімін білдіріп, 40 меншік иесіне қаражат аударылды, 1 меншік иесіне төлемі бойынша құжаттары дайындалуда. Келіспеген 17 нысан құжаттары сотта қарастырылуға жолданды. Нақтырақ тоқталсақ, 8 нысан бойынша төлеуге сот шешімі шыққан, 2 нысан бойынша («Лейла» мейрамханасы және дүкені) мемлекет мұқтажы үшін қаулысының күші жойылды. 1 нысан бойынша сот жүрде. 6 нысан бойынша жергілікті мәслихат шешімі шығып, қаржысы төленеді. Ал 1 нысанды бағалау бойынша ұсыныс жолданды. Сонымен қатар 1 жер учаскесінің иесі мүліктерін мұрагерлікке қабылдағаннан кейін тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Қалалық жер қатынастары бөлімінің мамандары Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылдың 5 мамырдағы № 194 «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, шаһардағы өндірістік аймақта орналасқан бос және тиісті мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан жер учаскелерін анықтап, жер пайдаланушыларға қатысты толық мәлімет алу үшін жан-жақты зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Нәтижесінде жер учаскесі бойынша тізбе қалыптастырылды. Жыл басынан бүгінге дейін бөлім мамандары 10 жер учаскесін анықтап, тізімін тиісті департаментке жолдады.

Биылғы жоспар бойынша қаңтар-наурыз айларына жергілікті бюджетке жерді жеке меншікке сату және жер телімін жалға жер пайдалану құқығын беру – 303101 коды бойынша орындалғаны – 131 947,8 миллион теңге, 303202 коды бойынша орындалғаны – 105 910,3 миллион теңге түсті.

Қазақстан Республикасының жер Кодексінің 48-бабының 6-тармағына сәйкес, Тараз қаласы бойынша мемлекеттік меншіктегі кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскелерін сату бойынша аукцион Мемлекеттік мүлік тізілімінің «E-Qazupa» веб-порталында жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі бағасын көтеру әдісі бойынша электрондық түрде өткізілуде.

Биылғы жоспар бойынша Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі 10 наурызда «E-Qazupa» мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы аукцион өткізілді. Көлемі 3,3454 гектар жер учаскесі аукционға шығарылып, жеңімпаздары анықталды. Жалпы, аукционнан түсетін түсім 34 904 615 теңгені құрайды. Сауда-саттықты жеңіп алған қатысушы электрондық аукционның өткізілу күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде алғашқы 50 пайыз жарнасын төлейді, қалған соммаларын аукционның шарты бойынша 1 ай мерзімде төлеуі қажет.

Тараз қаласының аумағына Байзақ және Жамбыл аудандарынан енген 14 елді мекендегі 13 533 жер учаскесіне мемлекеттік жер актілерін дайындау бойынша 2026 жылғы 9 483 жер учаскесіне мемлекеттік жер актілерін дайындау

үшін 102 миллион теңге бюджеттік өтінім берілді. Нәтижесінде қаржы бөлу мәселесі Тараз қалалық мәслихатының отырысында қаралып, 2026 жылға аталған жұмыстарды жүргізу үшін 40 миллион теңге бөлінді. Алдағы уақытта қала аумағына енген жер учаскелерін қала аумағына өтуіне байланысты рәсімдеу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіледі. Жыл басынан бастап қазіргі күнге дейін 2 226 жер учаскесін қалаға өтуіне байланысты рәсімделіп, Тараз қалалық жер кадастр бөлімімен мемлекеттік акті дайындалды.

Тараз қаласы әкімінің 2025 жылғы 14 ақпандағы «Тараз қаласы аумағында заңсыз орналасқан жер иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін босату және салынған (орнатылған) құрылысты (нысанды) бұзу немесе алып тастау бойынша жұмыс тобын құру туралы» №9-ө өкіміне сәйкес, Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі тұрғындардың шағымдары, қала аумағының мониторингі және округ инспекторлары ұсынған деректер негізінде Тараз қаласы аумағында орналасқан дүңгіршектерінің заңдылығын зерделеу жұмыстары округ инспекторлары мен сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары, кәсіпкерлік бөлімі мамандарымен бекітілген жол картасына сәйкес бірлесіп тұрақты жүргізілуде.

2025 жылдың 12 желтоқсанындағы №1428 шығыс хатымен Жамбыл облысының жер ресурстарын басқару департаменті республикалық мемлекеттік мекемесіне Әл-Фараби түйік көшесі, №42 «Б» мекенжайында орналасқан 2 дүңгіршектің заңсыз тұрғаны туралы әкімшілік шара қолдану үшін хат жолданған болатын. Нәтижесінде заңсыз қойылған дүңгіршектердің иесі ағымдағы жылдың 29 қаңтарында өз еркімен түсініктеме жазып, 2 дүңгіршекті өз есебінен алып тастады.

Қазіргі таңда жер қатынастары саласы бойынша Тараз қаласы әкімдігінің тарапынан 1 200 қаулы қабылданған. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларына көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны 2 083-ті құрады. Барлық өтініш «Е-лицензиялау», «E-Zhambyl» Әкімдік қызметкеріне жер қатынастары саласындағы өтініштерді қарауға арналған автоматтандырылған жұмыс орны жүйелері арқылы электронды түрде көрсетілген. Жыл басынан бастап жер мәселесі бойынша жеке және заңды тұлғалардан «Е-өтініш» жүйесіне 1 491 өтініш түсіп, оның 1 415-і қаралып, мерзімдеріне сәйкес жауап берілген.

Қазіргі таңда Тараз қаласы аумағынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға жер кезегінде «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» автоматтандырылған жүйесінде 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 130 452 азамат тіркелген.

Нұржан БЕКЕЖАНОВ,
Тараз қаласы әкімдігі жер қатынастары бөлімінің басшысы



Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы бастау алғаны белгілі. Тағылымы терең шара Жамбыл жерінде кең ауқымды қамтып, бүгінгі һәм кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдыруда.

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ!



Баянды бастамаға ең әуелі Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен Жамбыл облысы әкімі Ербол Қарашөкеевтің тікелей үн қосқаны акцияға айрықша ескіп берді. Министрлік өкілдері, депутаттар, мемлекеттік қызметкерлер мен тұрғындар бірлесіп Жамбыл ауданындағы Жалғызтал бұлағының көзін ашып, аумақты абаттандырып, көгалдандырды. Әсіресе, Су ресурстары және ирригация министрлігінің бастамасымен Жамбыл облысында алғаш рет құрылған «Болашақтың қайнары» еріктілер қозғалысының жастары игі іске ерекше атсалысқаны қуантады. Министр Нұржан Молдиярұлы да еріктілердің еңбегін айрықша атап өтті.

«Болашақтың қайнары» бастамасы – еліміздегі су саласына бағытталған алғашқы еріктілер қозғалысы. Бұл жобаның Жамбыл өңірінен бастау алуы Тараз қаласында Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің ашылуымен тығыз байланысты. Алдағы уақытта игі бастама республика көлемінде жалғасын табады.

Қазақта «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген дана сөз бар. Өйткені бұлақ – тіршіліктің бастауы, өмірдің нәрі. Оның мөлдір суы – табиғаттың бізге тарту еткен ең асыл сыйы. Сондықтан бұлақтың көзін ашып, айналасын ретке келтіру – әрбір азаматтың парызы, – деді министр.

Тағылымды шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев ақ батасын берсе, су саласының ардагері Берік Нұрғалиев акцияның қоғам мен жастарға берер тәрбиелік маңызына кеңінен тоқталды. Бұл күні облысқа арнайы ат басын бұрған Парламент Мәжілісі мен Сенат депутаттары да бұлақ көзін ашуға өз үлестерін қосты.

Жалпы, акция бір күнмен ғана шектеліп қалмай, игі іс Сарысу ауданында да жемісті жалғасын тапты. Сарысу ауданындағы шара Түркістан ауылдық округіне қарасты «Көсегенің көк жонында»

ұйымдастырылды. Баянды бастамаға аудан әкімі Сәкен Мамытов, аудандық ардагерлер және қоғамдық кеңес мүшелері, этнос өкілдері мен жастар қатысып, бұлақтардың көзін ашып, тал көшеттерін отырғызды.

Ал Жамбыл ауданындағы жұртшылық Айша бибі ауылдық округіне қарасты Әулікөл аумағына барды. Аталған аумақта бұрын 11 бұлақ көзі болған екен. Сол бұлақтың бірінің көзі ашылып, салқын су сылдырлай ақты.

Ер Бәукеңнің кіндік қаны тамған мекен – Жуалы ауданында ауыл тұрғындары өз күштерімен Шоңқара бұлағының көзін ашты. Шараны ауыл ақсақалдары ұйымдастырып, оған жастар белсене атсалысты.

Ауыл тұрғындары, оның ішінде оқушылар мен аға буын өкілдері «Мөлдір бұлақ» акциясы мен Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын қолдау мақсатымен бұлақ көзін тазалауға шықтық. Басқа ауылдарға да үлгі болсын деген ниетпен бұлақ көзін ашуға өзіміз ынта таныттық.

Суды бағалап, оны ластамай, құрметпен қарау қажет. Сондықтан акцияның тәрбиелік мәні зор. Мұндай шараларды келешек ұрпақ алдағы уақытта да жалғастырып, жақсы дәстүрге айналдырады деп сенемін. Бұлақтың көзі ашылса, халыққа тигізер пайдасы зор, – дейді Алатау ауылының тұрғыны Алтынбек Мамытқұлов.

Шоңқара бұлағы – жергілікті тұрғындар үшін маңызды су көзі. Ол егістік алқаптарын суаруға және басқа да шаруашылық қажеттіліктерге пайдаланылады. Сондықтан ауыл жұртының жұдырықша жұмылғаны құптарлық іс.

Бұлақ көзін ашу – ертеден келе жатқан игі іс. Жамбыл жерінде ата-баба дәстүрі ұмытылмай, осындай тағылымды тірліктердің қолға алынып жатқаны қуантады. Енді аталған аудандардағы бұқараның бірлік танытуы өзгелерге де үлгі болады деп сенеміз.

Дедек ТӨЛЕН

Жамбыл облыстық, қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Салқанұлы Жамаловқа **анасы Жамалова Түрсунқуль Кошабаевнаның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Jambyl-Taraz» газеті редакциясының ұжымы Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Салқанұлы Жамаловқа **анасы Жамалова Түрсунқуль Кошабаевнаның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ТАРАЗДА ИМАНЖҮСІПТИҢ ЕСКЕРТКІШІ БОЙ КӨТЕРСЕ...

Ол – шынымен де заман тудырған сирек талант. Жүрегі түкті батыр, елін жан-тәнімен сүйген ақын. Халқына деген шексіз махаббаты оны тағдыр талқысына салды – дұшпандардың қыспағына түсіп, туған жерінен тұрақ таппады. Мақаламыздың арқауы – теріскейде туып, Тараз топырағында соңғы демі үзілген, тағдыры күрделі тұлға Иманжүсіп Құтпанұлы.

Жұматай

КӨКСУБАЙ



Иманжүсіптің жерленген жері, «Қарасу» шағынауданындағы зират



Қазақта «Тегінде бар тек жатпайды» деген сөз бекер айтылмаған. Иманжүсіптің арғы тегі де осал емес. Атасы Тұрғанбай датқа Түркістан маңындағы Шілік өңіріне би болғаны туралы деректер бар. Ал әкесі Құтпан – ел тәуелсіздігі жолында атқа қонып, Кенесары көтерілісіне қатысқан тұлға. Дегенмен, дәстүрлі өнерге жақын, көзі қаракты оқырман Иманжүсіп есімін білгенімен, оның тағдыр жолы Тараз топырағында аяқталып, осы шаһарда жерленгені екінің бірі біле бермейді.

«Бүгінгі Тараз қаласының жоғарғы жағында, әл-Фараби және Төле би көшесінің бойында үлкен қабірстан бар. Аталған қабірстанға кіреберісте жерде Иманжүсіптің атылғаны бүгінде архив деректері негізінде белгілі болып отыр. Ақынмен бірге әулиеаталық Орынбай Әуесбеков, Құрманәлі Аққозиев деген азаматтар да атылыпты. Қабірстанның кіреберісі алаңшасында «Бұл жерде 1931 жылдың 2 наурызында «халық жауы» деп жарияланып, атылған халық батыры, Тәуелсіздік жолындағы күрескен ұрпақтың өкілі,

атақты ақын, композитор, әнші Иманжүсіп Құтпанұлы атылған» деген жазу бар», – деп жазыпты белгілі журналист Хамит Есаман «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Иманжүсіп иірімі» атты мақаласында.

Ал Иманжүсіп Құтпанұлының немересі, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Раушан Иманжүсіп жақында «Қазақ үні» Youtube-арнасына берген сұхбатында ақын өмірінің соңғы жылдары Мойынқұм ауданы, Құмөзек ауылында өткені туралы тоқталып, жоғарыдағы мақаланы нақтылай түседі.

– Атамыз өмірінің соңына таман Мойынқұм ауданының Құмөзек ауылына келіп тұрақтап, Мұқатай есімді кісінің шаңырағына түсіпті. Иманжүсіп Құтпанұлының Шу өңіріндегі Ақарал аталатын жерде екі жүзге жуық сәйгүлігі болған деседі. Өзі де жігіттерді жалдап, сол жылқыларды бір жылдай бағып-күтіпті. Ол кезеңде қызыл әскер Сарысуға дейінгі аймақты толық бақылауға алып, жолыққан жанды аямай, пулеметпен оқ жаудырады екен. Ақыры бұл өңірден

ұзап шыға алмайтынын аңғарған соң, қолындағы барлық сәйгүлігін ауыл тұрғындарына үлестіріп беріпті. Сол тұста тарихта көп қозғала бермейтін «Мойынқұм көтерілісі» бүрк ете қалған еді. Елжұрт Кеңес өкіметіне қарсылық танытқан. Осы көтерілістің ішінде Иманжүсіп те болған. Алайда 1930 жылдың 20 желтоқсанында қолға түскен, – дейді тұлғаның немересі. Өкінішке қарай, ашаршылық жылдары ақынның Гүлхадиса, Гүлзағипа және Ұлбибі есімді үш қызы бірдей қайтыс болады. Ал үлкен екі ұлы – Дәулетхан мен Сейітхан, сондай-ақ алпыс үш жасында көрген кенже ұлы Нұрхан – барлығы Иманжүсіппен бірге Құмөзекте болады.

Ақынның екі үлкен ұлы Қосқұдықта жүргенде әкесі «Мен қазір келемін» деп кетіп, қайта оралмайды. Біраз күннен кейін үйге екі милиционер келіп, киіз үй мен кітаптарды алып кетеді. Осыдан соң Дәулетхан мен Сейітхан әкелері отырған Тараз қаласындағы түрмеге барады. Раушан Иманжүсіптің сұхбатында әкесі Нұрханның естеліктеріне сүйеніп, түрмеде Иманжүсіптің балаларына: «Менен күдер үзіндер. Нұрханға қараңдар», – дегені айтылады. Тағдырдың тәлкегін тартқан ақынның ұлдары осылайша Ташкентке жол тартады. Онда барып Нұрханды Намангандағы балалар үйіне «Юсупов» деген фамилиямен тегін орналастырады. Раушан Иманжүсіптің айтуынша, Нұрханның балалық шағы сол Наманган жерінде өткен.

Осы күнгі Тараз қаласындағы теміржол вокзалы маңында кезінде НКВД кеңсесі болыпты. Иманжүсіп ұсталған соң оны осы жерге әкеліп, тергейді. Артынша Алаштың арда азаматы 1931 жылғы 2 наурыз күні ОГПУ жанындағы үштіктің шешімімен атылады.

Нақты құжаттар негізінде тұлға-

ның атылған және жерленген жері анықталғаннан кейін, баба ұрпақтары өңір әкімдігінің қолдауымен сол аумаққа ескерткіш тақта орнатқан екен. Алайда Иманжүсіп Құтпанұлының немересі Раушан Иманжүсіп өз сұхбатында бұл тақтаның белгісіз себептермен жиі жоғалып кететінін айтып, әр барған сайын қайта орнатудан шаршағанын, үлкен ескерткіш орнатылса, мәселе толық шешілетінін жеткізіпті. Оның айтуынша, бұл мәселе бойынша әкімдік өкілдеріне бірнеше рет өтініш білдірілгенімен, нақты нәтиже болмай отыр.

Осыдан кейін біз «Қарасу» шағынауданы маңындағы қабірстанға барып қайттық. Алайда ол жерден, Раушан Иманжүсіп айтқандай, ешқандай ескерткіш тақтаны таба алмадық. Мақаланың басында айтылғандай, қабірстанның кіреберісінде, оң жақта шағын алаңша бар екен. Ол жерде тақтайша орнатуға арналған темір тұғыр тұр. Онда 4 бұрандамен бекітілген тас тақтайшаның болғанын бұрышында қалған кара тастың сынығынан аңғардық. Осыдан соң атақты ақын сол жерде жатқан болар деген тоқтамға келдік.

Осы орайда өңір руханиятының жанапшыры, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бақытжан Мақашевтың пікіріне құлақ түрген едік. Оның айтуынша, ғұмыры ат үстінде өткен арда азаматтың ескерткіші еліміздің ірі қалаларында бой көтерсе, артық болмайды. Сонымен қатар тағдырымен тікелей байланысы бар Тараз төрінде еңселі ескерткіш орнатылып, басына кесене тұрғызылса, зиярат етіп келушілердің қатары да арта түсер еді деген пікірде.

– Жалпы, Иманжүсіп Құтпанұлы өмір жолы күрделі, тағдыры тартысты тұлға. Оның ата-бабасы Сыр бойы мен Түркістан өңірін мекендесе, ата-анасы Ақмола жерінде мәңгілік тыныс тапқан. Өзі Қызыл-

жар өңірінде 1863 жылы дүниесі келген.

Иманжүсіп – қазақ тарихындағы Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ сынды ірі тұлғалармен қатар аталатын өнер иесі. Оның әндері – кең тынысты, елдің мұңы мен арманын бейнелеген туындылар. Алайда өмірі заманның ауыр кезеңімен тұспа-тұс келіп, қуғын-сүргін көріп, сотталып, ақырында атылды.

Өкініштісі, осындай дара тұлғаның басына әлі күнге дейін лайықты еңселі ескерткіш орнатылмауы көпшіліктің көңілін қынжылтады. Бұл мәселе кезінде кемеңгер жазушы Шерхан Мұртаза тарапынан да көтерілген болатын. Бүгінде ақынның немересі Раушан Иманжүсіп осы түйткілді мәселені қайта-қайта қозғап жүр.

Иманжүсіп – бір әулеттің немесе бір рудың ғана емес, барша Алаштың ортақ перзенті. Өмірінің соңында Мойынқұм даласында ғұмыр кешіп, Тараз қаласында атылған тарихи тұлғаның еңселі ескерткіші орнатылса, бұл өңір үшін үлкен абырой, ұрпақ алдындағы маңызды парыздың бірі болары сөзсіз, – дейді Бақытжан Мақашев.

Заманында «халық жауы» атанып, ғұмыры қиямет-қайым күреспен өткен ақынның өзі ғана емес, оның асыл мұрасы – әндері де қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Әндерін орындауға қатаң тыйым салынып, талай туындысы халық жадынан өшіріле жаздады, кейбірі, тіпті, өзгенің еншісіне өтіп кеткені де айтылады.

Алайда уақыттың кара бұлты біртіндеп сейіле бастаған тұста Қытайдан келген белгілі әнші Әмина Нұғманова Алматы сахнасында Иманжүсіптің «Сарыарқа» әнін шырқайды. Сол сәтте қазақ руханиятының алыптары Сәбит Мұқанов пен Әлкей Марғұлан әнге ерекше құрмет көрсетіп, оны жоғары бағалап, қазақ радиосының алтын қорына жаздыртып алады. Бүгінде халық арасында ақынның «Сары бел», «Бұғылы-тағылы» өлеңдері мен «Иманжүсіптің әні» деп аталатын туындысы кеңінен таралып, ел жүрегінен берік орын алған.

Ардақты тұлға тәуелсіздіктің арайлы таңымен бірге, 1992 жылы толық ақталды. Ал 2012 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Тараз жеріндегі мәңгілік тыныс тапқан орнынан топырақ алынып, Ақмола облысындағы ата-баба қорына ескерткіш тас орнатылып, белгі тастың астына сол топырақ қойылды.

Көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаев Иманжүсіптің талантына бас ие отырып: «... Бір өкінішті жай сол, осындай айрықша бітімді ерекше тұлға біздің әдебиетімізде, өнерде өзінің лайықты, көркем бейнесін тауып, тарихшыларымыздың әділ бағасын ала алмай келеді», – десе, академик Ахмет Жұбанов: «Иманжүсіптің бар тарихы архивте жатыр. Әлбетте, көп сөз ел ішінде әлі бар. Соларды жинау керек. Иманжүсіптің де күні туады әлі», – деген екен. Ол күндер де алыс емес шығар...



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛИМХАН

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

Арайлым ШАБДЕНОВА

Анель ТОТАНБЕВА

Дариха ҰМБЕТИЯРОВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:

Жаннұр МУХАНОВА

Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:

Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»

e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

Жалпы тиражы: 11 496

Тапсырыс: 284

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есетіле қою, қайта есетіле қою туралы №КЗ87VРУ00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де

басылады.

Тараз к., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытты келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44 8 705 789 70 74